

тату көршілік қатынастарды дамытуға және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының (бұдан әрі - мемлекеттік шекара) режимін қамтамасыз ету жөніндегі

ынтымақтастықты қолдауға ұмтыла отырып,
өздерінің мемлекеттік шекараларын күзету жөніндегі шаралар қабылдауда екі тәуелсіз мемлекеттердің ажырамас құқығын мойындай отырып,
Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы шекара өкілдерінің шекаралық қақтығыстарының алдын алуына, ал олар туындаған жағдайда - оларды шұғыл тергеуді және реттеуді қамтамасыз етуге қатысу қажеттілігін атап өтіп,
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы шекара өкілдері мен шекара өкілдерінің орынбасарлары Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес тағайындалады. Тараптардың шекара өкілдері мен олардың орынбасарларының тағайындалғаны туралы тегін, атын және әкесінің атын, қызмет ету телімдерін және келу орындарын көрсете отырып, дипломатиялық арналар бойынша бір-біріне х а б а р л а й д ы .

Шекара өкілдерінің міндеттерін орындаған кезде шекара өкілдерінің орынбасарлары шекара өкілдеріне берілген құқықтар мен міндеттерді иеленеді.

2-бап

Шекара өкілдері өз мемлекеттерінің заңнамасына және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға, Шекара өкілдерінің қызмет ету телімдері туралы хаттамамен (N 1-қосымша) анықталған Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы телімдері шеңберінде, сондай-ақ осы Келісіммен анықталатын өкілеттіктерге сәйкес бір-бірімен бірлесіп өз міндеттерін о р ы н д а й д ы .

Жазбаша өкілеттіктерді (N 2-қосымша):

Қазақстан Республикасының шекара өкілдеріне және олардың орынбасарларына - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары - Шекара қызметінің Директоры;

Ресей Федерациясының шекара өкілдеріне және олардың орынбасарларына - Ресей Федерациясының Федеральды қауіпсіздік қызметінің Директоры береді.

3-бап

Шекара өкілдерінің қызметін қамтамасыз ету үшін көмекшілер, хатшылар, аудармашылар, қызметтік хат-хабарды қабылдау-беру жөніндегі уәкілеттілер тағайындалады, сарапшылар мен басқа да тұлғалар тартылады.

Шекара өкілдері көмекшілерінің жазбаша өкілеттіктерін, хатшылардың және

аудармашылардың куәліктерін, екі жаққа шекарадан бір жолғы өтуге арналған куәліктерді (N 3-5-қосымшалар) шекара өкілдері береді.

4-бап

Шекара өкілдері өз қызметі телімдерінің шегінде: шекаралық қақтығыстар туындауының алдын алу және туындаған жағдайда оларды реттеу жөнінде қажетті шараларды қабылдайды;

Тараптар белгілеген мемлекеттік шекарадан өту ережесінің сақталуын бақылайды және белгіленген тәртіпті бұза отырып, одан өтуді болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды;

құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп контрабандаға қарсы күрес жөнінде шаралар қабылдайды;

құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп, заңсыз көшіп-қонушыларды депортациялау (беру) жөнінде шаралар қабылдайды, соның ішінде үшінші елдерден, егер олардың басқа Тараптары мемлекетінің аумақтарынан шығуына дәлелдемелер бар болса;

адамдардың мәйіттерін тануға қатысады және қажет болған жағдайда оларды беру жөніндегі шаралар қабылдайды;

табиғатты мемлекеттік басқару мен қорғау уәкілетті органдарымен бірлесіп, мемлекеттік шекарадағы шаруашылық жұмыстары мен өзге де қызметтің өткізілуін жүзеге асырумен, сондай-ақ шекаралық суаттардағы суды пайдалануды бақылауды қамтамасыз етеді;

мемлекеттік шекара арқылы өрттердің, жұқпалы аурулардың, індеттердің және ауыл шаруашылығы зиянкестерінің таралу қаупі туралы бір-біріне уақтылы хабарлайды;

мемлекеттік шекара режимін қамтамасыз етуге байланысты басқа да мәселелерді шешеді.

5-бап

1. Шекара өкілдері бірлескен жұмысты, әдетте, мәжілістерді (кездесулерді) өткізу жолымен жүзеге асырады. Шекара өкілдерінің арасындағы уағдаластық бойынша олардың орынбасарлары мен көмекшілерінің кездесулері өткізілуі мүмкін.

2. Шекара өкілдерінің мәжілісі (кездесуі) олардың біреуінің ұсынысы бойынша өткізіледі. Мәжілістің (кездесудің) күн тәртібі, қатысушылардың құрамы, оның өткізілетін орны мен уақыты бір мезгілде ұсынылады.

Жекелеген жағдайларда мәжілісте (кездесулерде) шекара өкілдері арасында өзара уағдаластық бойынша бұрын талқылауға ұсынылмаған мәселелер қаралуы мүмкін.

Мәжілісті (кездесуді) өткізу туралы ұсыныстарға жауапты шекара өкілдері

мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде, бірақ осындай ұсынысты қызметтік хат-хабарды қабылдау-беру жөніндегі уәкілеттілер алған сәттен бастан 48 сағаттан кешіктірмей беруі тиіс. Бұл ретте талқылау үшін қосымша мәселелер, сондай-ақ мәжілісті (кездесуді) өткізетін өзге де уақыт пен орын ұсынылуы мүмкін.

3. Шекара өкілі ұсынған мәжіліске (кездесуге) Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері өздері келуі тиіс. Егер бұл мүмкін болмағанда, онда мәжіліске (кездесуге) шекара өкілінің орынбасары келеді, ол туралы мәжіліс (кездесу) басталғанға дейін 24 сағаттан кешіктірмей мәжілісті (кездесуді) өткізуді ұсынған шекара өкілін хабардар етеді.

4. Шекара өкілдерінің мәжілістерінде (кездесулерінде) олардың орынбасарлары, көмекшілері, хатшылары, аудармашылары және қатысуы қажет болып табылатын адамдар (сарапшылар, куәлер, жәбірленушілер және басқа да адамдар) қатыса алады.

Шекара өкілдері көмекшілерінің кездесулеріне хатшылар мен аудармашылар, ал қажет болған кезде сарапшылар мен басқа да тұлғалар қатыса алады.

5. Жеке кездесулерді талап етпейтін мәселелер хат алмасу немесе байланыстардың техникалық құралдарын пайдалану жолымен шешілуі мүмкін.

6. Шекара өкілдері келісілген мерзімде мәжілістерде (кездесулерде) қабылданған шешімдерді орындау жөніндегі шаралар туралы бір-біріне хабарлайды.

6-бап

Шекара өкілдерінің және олардың орынбасарларының жоспарлы мәжілістері (кездесулері), әдетте, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы аумақтарында кезекпен, ал жоспардан тыс болатындары оларды өткізуді ұсынған Тараптардың шекара өкілі ұсынған мемлекеттің аумағында өткізіледі.

Шекара өкілдерінің тапсырмасы бойынша шекара өкілдері көмекшілерінің кездесулері өткізіледі. Шекара өкілдері көмекшілерінің қабылдаған шешімдері оларды шекара өкілдері бекіткеннен кейін ғана күшіне енеді. Шекара өкілдерінің көмекшілері келісе алмаған мәселелер шекара өкілдерінің қарауына беріледі.

7-бап

Шекара өкілдері мәжілістерінің (кездесулерінің) қорытындылары бойынша хаттама жасалады, онда мәжілістің (кездесудің) күн тәртібі, қатысушылардың құрамы, мәжілістің (кездесудің) жалпы барысы, қабылданған шешімдер мен оларды орындау мерзімдері көрсетіледі.

Мәжілістің (кездесудің) хаттамасы екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалады, шекара өкілдерінің немесе оларды алмастыратын адамдардың қолдарымен және елтаңбалық мөрлермен бекітіледі.

8-бап

1. Шекара өкілдері өзара келісім бойынша мемлекеттік шекарада кездесу бекеттерін , сондай-ақ қызметтік хат-хабар алмасу бекеттерін және техникалық байланыс құралдарын пайдалану тәртібін белгілейді. Қызметтік хат-хабар қабылдау-беру жөніндегі уәкілеттілер қызметтік хат-хабарды мемлекеттік шекарада қабылдау мен беруді тәулік бойы жүзеге асырады.

2. Шекара өкілдері Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес ұсталған адамдарды және олардағы заттарды, сондай-ақ үй жануарларын және адамдардың мәйіттерін беруді ұйымдастырады. Осы рәсімдерді жүзеге асыру орнын, уақытын және жүзеге асыру тәртібін шекара өкілдері жеке анықтайды.

3. Шекара өкілдері өзара уағдаластық бойынша ұсталған адамдарды, жануарларды, мүліктерді, адамдардың мәйіттерін, қызметтік хат-хабарды қабылдау-беру кезінде, сондай-ақ осы Келісімнің ережелеріне сәйкес басқа да іс-қимыл жасау кезінде ресімделетін актілердің, қолжазбалардың және басқа да құжаттардың үлгілерін белгілейді.

Ұсталған адамдарды, жануарларды, мүліктерді және адамдардың мәйіттерін беруді шекара өкілдері, олардың орынбасарлары немесе көмекшілері жүзеге асырады.

9-бап

1. Шекара өкілдері, олардың орынбасарлары, көмекшілері, хатшылары, аудармашылары мен сарапшылары осы Келісімге сәйкес өздерінің міндеттерін орындау үшін осы үшін белгіленген бекеттерде немесе келісілген жерлерде мемлекеттік шекарадан өтеді.

2. Шекара өкілдері, олардың орынбасарлары мен көмекшілері жазбаша өкілеттіктер (N 2 және 3-қосымшалар) негізінде мемлекеттік шекарадан өтеді.

3. Хатшылар мен аудармашылар куәліктері (N 4-қосымша) негізінде мемлекеттік шекарадан өтеді.

4. Сарапшылар және бірлесіп жұмыс жасау үшін тартылған басқа да адамдар екі жаққа шекарадан бір жолғы өтуге арналған куәлік (N 5-қосымша) негізінде мемлекеттік шекарадан өтеді.

5. Шекара өкілдерінің, олардың орынбасарлары мен көмекшілерінің өкілеттіктерін, хатшылар мен аудармашылардың куәліктерін бекіту мәжілістерде (кездесулерде) жүзеге асырылады.

6. Шекарадан өтуге құқық беретін құжаттарды жоғалтқан жағдайда, осы Келісімге сәйкес олардың иелері бұл туралы шұғыл түрде өз мемлекетінің шекара өкіліне хабарлауы тиіс, ол жоғалған құжаттың күшін жояды және басқа Тарап мемлекетінің шекара өкілін болған жағдай туралы хабардар етеді.

10-бап

1. Шекара өкілдеріне, олардың орынбасарларына, көмекшілеріне, хатшыларға, аудармашылар мен сарапшыларға осы Келісімге сәйкес басқа Тарап мемлекетінің аумағындағы міндеттерді орындап жүрген кезде жеке басының қол сұғылмаушылығына, сондай-ақ оларға жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарға және мүлікке қол сұғылмайтындығына кепілдік беріледі.

Көрсетілген лауазымды тұлғалар белгіленген нысандағы киімді киіп, бажсыз және басқа да салық пен алымдар салынбайтын жеке пайдалану және жұмыс істеу үшін қажетті заттар, азық-түлік тағамдар, темекі бұйымдары және дәрі-дәрмектерді өзімен және басқа Тарап мемлекетінің аумағына алып жүре алады.

2. Әр Тарап осы Келісімді сол мемлекет аумағында орындауға байланысты шығыстарды көтереді, осыған сәйкес мәжілістерді (кездесулерді) өткізуге жұмсалатын шығыстарды оларды аумағында өткізетін мемлекет Тарабы көтереді.

11-бап

Шекара өкілдері мынадай ақпараттармен алмасады:
мемлекеттік шекарадан заңсыз өту фактілері туралы;
шекара арқылы адамдарды және контрабанданы заңсыз тасымалдаумен айналысатын адамдардың қызметі туралы;
мемлекеттік шекараның маңында адамдардың немесе жануарлардың қауіпті жұқпалы ауруларының туындауы туралы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы және орман зиянкестерінің жаппай таралуы, өрттер мен су тасқындары туралы әрбір Тарап мемлекетінің қауіпсіздігіне және мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін ықтимал іс-әрекеттер туралы, сондай-ақ шекаралық қақтығыстардың алдын алу жөнінде қ а б ы л д а н ғ а н ш а р а л а р т у р а л ы ;

мемлекеттік шекара режимін қамтамасыз етуге ықпалын тигізетін басқа да мәселелер бойынша.

12-бап

Шекара өкілі шекаралық қақтығыстарды болдырмау жөніндегі ынтымақтастықты жүзеге асырады, шекаралық қақтығыстарға тергеу жүргізеді және реттейді, соның і ш і н д е :

мемлекеттік шекара арқылы адамдарға және басқа Тарап мемлекетінің аумағына қарай атыс жүргізу, соның ішінде адамдардың қаза болуына немесе жарақат алуына, мүліктердің бүлінуіне және басқа да ауыр салдарға әкеп соқтыратын жағдайлар;
адамдардың, көлік құралдарының мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтуі;
мемлекеттік шекараны жүзу құралдарымен және ұшу аппараттарымен бұзуы;

мемлекеттік шекара арқылы контрабандаларды өткізу;
Тараптар мемлекеттерінің шекара қызметтерінің лауазымды тұлғалары қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік шекарадан абайсыз өтуі;
екінші Тарап мемлекетінің аумағында табиғат апатына немесе өзге де жағдайларға орай пайда болған мүліктерді табу;
шекара белгілерін және басқа да шекара ғимараттарын өз бетімен немесе кездейсоқ жылжыту, бүлдіру немесе қирату;
үй жануарларының мемлекеттік шекара арқылы өтуі;
мемлекеттік шекара арқылы өрттің тарауы;
Тараптар мемлекеттерінің мүддесіне нұқсан келтіретін, бірақ дипломатиялық арналар бойынша шешуді талап етпейтін мемлекеттік шекара режимін өзге де бұзушылар.

13-бап

1. Осы Келісімнің 12-бабында көрсетілген шекаралық қақтығыстардың мән-жайын анықтауды келісілген тәртіппен шекара өкілдері жүргізеді. Шекаралық қақтығыстарды бірлесіп тексеру шекаралық қақтығыс болған Тарап мемлекетінің аумағында шекара өкілінің басшылығымен жүзеге асырылады.
2. Шекаралық қақтығыстарды бірлесіп тексерудің нәтижелері жөнінде акт, ал қажет болған кезде басқа да құжаттар жасалады.
3. Шекара өкілдері, осы Келісіммен оларға берілген өкілеттілер шеңберінде екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған үй жануарларын және мүліктерді қайтару мәселелерін шешеді.
4. Шекаралық қақтығыстарды бірлесіп тексеру құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын іс-әрекеттерінің орнын ауыстыра алмайды.
5. Шекара өкілдері реттеуде келісімге қол жеткізе алмаған шекаралық қақтығыстар дипломатиялық арналар бойынша шешіледі.

14-бап

N 1-5-қосымшалар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылады.

15-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану жөнінде даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер және консультациялар жолымен шешеді.

16-бап

Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 17-бабына сәйкес күшіне енетін хаттамалармен ресімделеді.

17-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Егер Тараптардың бірде-бірі екінші Тарапқа Келісімнің қолдану мерзімі өткенге дейін алты ай ішінде оның қолданылуын тоқтатуға өзінің ниеті туралы жазбаша хабарламаса, осы Келісімнің қолданысы келесі бес жыл кезеңге өздігінен ұзартылады.

2004 жылғы 9 қаңтарда Астана қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды және екі мәтіннің де күші бірдей.

<i>Қазақстан Республикасының</i>		<i>Ресей Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	
Қазақстан	Республикасының	Үкіметі
мен Ресей	Федерациясының	Үкіметі
арасындағы	Шекара	өкілдерінің
қызметі	туралы	келісімге
N 1-қосымша		

Шекара өкілдерінің қызмет ету телімдері туралы ХАТТАМА

Шекара өкілдерінің қызмет ету телімдері былайша белгіленеді:

Қазақстан Республикасы тарапынан:

Атырау телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Атырау қаласы) - Каспий теңізіндегі мемлекеттік шекараның құрғақ телімінің басталу нүктесінен Атырау облысының, Батыс Қазақстан облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Орал телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Орал қаласы) - Атырау облысының, Батыс Қазақстан облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Батыс Қазақстан облысының, Ақтөбе облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Ақтөбе телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Ақтөбе қаласы) - Батыс Қазақстан облысының, Ақтөбе облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Ақтөбе облысының, Қостанай облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Қостанай телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Қостанай қаласы) - Ақтөбе облысының, Қостанай облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Қостанай облысының, Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Петропавл телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Петропавл қаласы) - Қостанай облысының, Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Солтүстік Қазақстан облысының, Павлодар облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Павлодар телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Павлодар қаласы) - Солтүстік Қазақстан облысының, Павлодар облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Павлодар облысының, Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Шығыс телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Өскемен қаласы) - Павлодар облысының, Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасы мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесіне дейін;

Ресей Федерациясы тарапынан:

Астрахан телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Астрахан қаласы) - Каспий теңізіндегі мемлекеттік шекараның құрғақ телімінің басталу нүктесінен Астрахан облысының, Волгоград облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Волгоград телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Волжский қаласы) - Астрахан облысының, Волгоград облысының әкімшілік шекараларынан және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Волгоград облысының, Саратов облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Саратов телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Саратов қаласы) - Волгоград облысының, Саратов облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Самара облысының, Орынбор облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан Ресей мемлекеттік

шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Бузулук телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Бузулук қаласы) - Самара облысының, Орынбор облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Орынбор облысы Илекск ауданының, Орынбор облысының Соль-Илецк ауданының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Орынбор телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Орынбор қаласы) - Орынбор облысы Илекск ауданының, Орынбор облысы Соль-Илецк ауданының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Орынбор облысы Гайск ауданының, Орынбор облысы Новотроицк ауданының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Орск телімі бойынша шекаралық өкіл үшін (келу орны - Орск қаласы) - Орынбор облысы Гайск ауданының, Орынбор облысы Новотроицк ауданының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Орынбор облысының, Челябинск облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Магнитогорск телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Магнитогорск қаласы) - Орынбор облысының, Челябинск облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Челябинск облысы Варненск ауданының, Челябинск облысы Троицк ауданының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін ;

Челябинск телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Троицк қаласы) - Челябинск облысы Варненск ауданының, Челябинск облысы Троицк ауданының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Челябинск облысының, Курган облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Курган телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Курган қаласы) - Челябинск облысының, Курган облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Курган облысының, Тюмен облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін ;

Тюмен телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Ишим қаласы) - Курган облысының, Тюмен облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Тюмен облысының, Омбы облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін ;

Исилькуль телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Исилькуль қаласы) -

Тюмен облысының, Омбы облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Омбы облысы Полтавск ауданының, Омбы облысының Шарбақты көл ауданының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Омбы телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Омбы қаласы) - Омбы облысы Полтавск ауданының, Омбы облысы Шарбақты көл ауданының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Омбы облысының, Новосибирск облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Новосибирск телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Купино қаласы) - Омбы облысының, Новосибирск облысының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Новосибирск облысының, Алтай өлкесінің әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Барнаул телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Барнаул қаласы) - Новосибирск облысының, Алтай өлкесінің әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Алтай өлкесінің, Алтай Республикасының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесіне дейін;

Таулы-Алтай телімі бойынша шекара өкілі үшін (келу орны - Акташ поселкесі) - Алтай өлкесінің, Алтай Республикасының әкімшілік шекараларының және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының түйісу нүктесінен Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасы мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесіне дейін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Ресей Федерациясының Үкіметі
арасындағы Шекара өкілдерінің
қызметі туралы келісімге

№ 2-қосымша

Шекара өкілінің (шекара өкілі орынбасарының) өкілеттігі

Мұқаба - Мемлекеттік елтаңба және мемлекеттің атауы

1 - б е т - Ө к і л е т т і к

2 - б е т -

3-бет - Фотосурет, мөр, иесінің қолы

4-бет - 200_жылғы "___" _____ Қазақстан Республикасының

Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Шекара

өкілдерінің қызметі туралы келісімнің негізінде

(атағы, тегі, аты, әкесінің аты)
Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының _____
(телімінің атауы)
бойынша _____ шекара өкілі (шекаралық өкілінің
(мемлекеттің атауы)
орынбасары) болып тағайындалды.

(атағы, тегі)
жоғарыда аталған Келісімде көзделген міндеттерді орындау үшін
уәкілеттенеді және осыған байланысты Қазақстан-Ресей мемлекеттік
шекарасынан өтуге және

(мемлекеттің атауы)
шекара жолағында болуға құқығы бар.

(өкілеттікке қол қоюға құқығы бар адам лауазымының атауы)

(атағы, тегі, қолы)
М ө р о р н ы
200_ жылғы "___" _____ қаласы.
5-бет - 4 беттің мәтіні _____ тілінде
6 - б е т -
7 - б е т -

8-бет -
Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Ресей Федерациясының Үкіметі
арасындағы Шекара өкілдерінің
қызметі туралы келісімге
N 3-қосымша

Шекара өкілі көмекшісінің өкілеттігі

Мұқаба - Мемлекеттік елтаңба және мемлекеттің атауы
1 - б е т - Ө К І Л Е Т Т І К
2 - б е т -
3-бет - Фотосурет, мөр, иесінің қолы
4-бет - 200_жылғы "___" _____ Қазақстан Республикасының

Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Шекара
өкілдерінің қызметі туралы келісімнің негізінде

(атағы, тегі, аты, әкесінің аты)
Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының _____
(телімнің атауы)

бойынша _____
(мемлекеттің атауы)
шекара өкілінің көмекшісі болып тағайындалды.

(атағы, тегі)
жоғарыда аталған Келісімде көзделген міндеттерді орындау үшін
уәкілеттенеді және осыған байланысты Қазақстан-Ресей мемлекеттік
ш е к а р а с ы н а н ө т у г е
және _____

(мемлекеттің атауы)
шекара жолағында болуға құқығы бар.
ШЕКАРА ӨКІЛІ

_____ (мемлекеттің атауы)

(атағы, тегі, қолы)
М ө р о р н ы
200_жылғы "_____"
5-бет - 4 беттің мәтіні _____ тілінде
6 - б е т -
7 - б е т -

8-бет -
Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Ресей Федерациясының Үкіметі
арасындағы Шекара өкілдерінің
қызметі туралы келісімге
N 4-қосымша

Хатшының және аудармашының куәлігі

Мұқаба - Мемлекеттік елтаңба және мемлекеттік атауы
1 - б е т - К У Ә Л І К
2 - б е т -

3-бет - Фотосурет, мөр, иесінің қолы
4-бет - 200_жылғы "___" _____ Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Шекара
өкілдерінің қызметі туралы келісімнің негізінде

(атағы, тегі, аты, әкесінің аты)
Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының _____
(телімнің атауы)
бойынша _____ шекара өкілінің
(мемлекеттің атауы)

(лауазымы)
болып тағайындалады және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасынан
ө т у г е ж ә н е

(мемлекеттің атауы)
шекара жолағында болуға құқығы бар.

ШЕКАРА ӨКІЛІ

(мемлекеттің атауы)

(атағы, тегі, қолы)

		М	ө	р		о	р	н	ы
	200_жылғы	"	___	"	_____				
5-бет	-	4	беттің	мәтіні	_____			тілінде	
		6	-	б	е	т		-	
		7	-	б	е	т		-	

8-бет -
Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Ресей Федерациясының Үкіметі
арасындағы Шекара өкілдерінің
қызметі туралы келісімге
N 5-қосымша

**Екі жаққа шекарадан бір жолғы
өтуге арналған куәлік**

1-бет - Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасынан бір жолғы
ө т у г е а р н а л ғ а н К у ә л і к

2-бет - 200_жылғы "___" _____ Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Шекара
өкілдерінің қызметі туралы келісімнің негізінде

(атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының екі жағына да өтуге немесе
_____ шекара жолағында болуға құқығы бар.

(мемлекеттің атауы)

Иесінің жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жарамды.

200_жылғы "___" _____ бастап
200_жылғы "___" _____ жарамды.

ШЕКАРА ӨКІЛІ

(мемлекеттің атауы)

(атағы, тегі, қолы)

М ө р о р н ы

200_жылғы "___"
3-бет - 2 беттің мәтіні _____ тілінде

4-бет -